




«Болашақ» бөбекжайы ЖБҚ МКҚК

ХАНТАЛАПАЙ
ҰЛТТЫҚ ОЙЫНЫ

Өткізген: Г.Тәжедиева

2026 жыл

Максаты: Қазақтың ұлттық ойындарын дәріптеу арқылы балалардың интеллектуалдық, тапқырлық, ептілік, дәлдікке, ұстамдылыққа, байсалдылық қабілеттерін дамытуға ықпал ету.

Міндеттері: Топта жұмыс істей білуін қалыптастыру, патриоттық сезімдерін және Отанға туған, өлкеге деген сүйіспеншілігін ояту.

Асық ойындары - қазақ халқының ойындарының бірі. Ұлттық ойындар көбінесе әр халықтың әлеуметтік - экономикалық жағдайларына, шаруашылық мүмкіншіліктеріне байланысты қалыптасқан. Қазақ халқының ұлттық ойындарының көбі табиғи заттармен ойнауға негізделген.

Шаруашылығы мал шаруашылығына негізделгендіктен қазақ халқының ұлт ойындары да осыған икемделеді. Әсіресе, қойды көп өсіргендіктен балалар ойының көбі қой асығымен байланысты болып келеді. Сондықтан асық ойындары ұлт ойындарының ішіндегі арыдан келе жатқан көнелерінің бірі болып табылады. Асық ойыны баланың жастайынан жүйке жүйелерін шыңдап, оларды дәлдікке, ұстамдылыққа, байсалдылыққа тәрбиелейді. Бұл ойынды еңбектеген баладан, еңкейген кәріге дейін ойнайтын болған. Біз солардың ел есінде сақталған үлгілерін келтіріп отырмыз. Бұрын ел қорғаушы батыр, жауынгер, халық қайраткерлері ойын үстінде көрінеді. Сол ойын арқылы шынығып өзінің бойындағы табиғи дарынын шыңдай түседі. Ұлт ойындары осылайша атадан - балаға, үлкеннен - кішіге мұра болып жалғасып отырған. Асық ойыны күндіз де, түнде де ойналады. Күндізгісі мергендікке, түнгісі ептілікке баулиды. Ұлы ақын Абай атамыз да асық ойыны, яғни «Ханталапай» ойынын жақсы ойнаған.

Балалар осы енді «Ханталапай» ойыны туралы бейнероликке назар аударайық.

(Ханталапай ойының суретті слайд түрінде қарау).

Алдар көсе: Мен Алдармын, Алдармын,

Сақалыңды талдармын.

Сақал түгел, мұртта жоқ,

Сендерді де алдармын,

Сәлеметсіздер ме, балалар! Бүгін сендерде мереке, қызықты ойын өткелі жатыр деп естідім.

Мен де сендермен ойын ойнағым келіп тұр. Сендер менімен қызықты қазақтың ұлттық ойынын ойнағыларың келе ме?

Балалар: Иә

Салт – дәстүрім жарасса,
Қайта құрып жаңаша.
Жарасса өнер көрсетіп,
Той тойлайық тамаша
Жаңғырғаны сананың,
Ұмытады мұны кім?
Ата – салтын бабамның.
Алып келді Ұлыс күн.
Алдар көсе: Ол ойын «Ханталапай» деп аталады. Қанеки сендер шеңбер
болып отыра қойындар.
Балалар шеңбер болып отырады.

Алдар көсе: Ойынды бастар алдында
«Талапай - ау, талапай»
Табылды ойын алақай деп айтады. Балалармен бірге қайталайды,
қоржындағы асықтарды, отырған балаларға шашады.
Балалар: Жарыса «Ханталапай» деп дауыстап, асықтарды таласып бөліп
алады. Жинаған асықтарын санай бастайды, әр бала жинаған асықтарын тігіп,
оларды атуға дайындалады. Хан асығы қолына түскен бала ойынды бірінші
бастайды. Тигізген асықтарды ұтып алады. Тигізе алмай қалған жағдайда
ойын жүргізушінің тапсырмасын орындайды.
Ол үшін балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес интеллектуалдық
тапсырмалар алдын ала дайындалады.

- Сұрақтар: 1) Төрт – түлікті ата?
2) Сүт тағамдарын ата?
3) Жылқының сүтін не деп атайды?
4) Қазір жылдың қай мезгілі?
5) Көктем мезгіліндегі мерекелерді атаңыз?
6) Қазақтың ою - өрнектерін ата?
7) Асықтардың түскендегі атауы?

Тапсырмаға дұрыс жауап берсе келесі асықты атады. Екінші рет тизіге
алмаған жағдайда өз кезегін асығы көп келесі балаға береді. Егер бала
тапсырмаға жауап бере алмаса басқа балалардың жауап беруіне болады. Бұл
жағдайда асықты ату кезегі дұрыс жауап берген балаға беріледі. Осылайша
ойын жалғасады. Ойын соңында әр бала ұпай асықтарын санайды.

Қазақтың ұлттық ойынын еске түсіріп, жаңғыртып, нақышына келтіріп ойнаған «Көгершін» тобы бүлдіршіндерінің ойынын тамашалаңыздар. Келесі жылы да осы қазақтың ұлттық ойындарын үрдіске айналдырып, жалғасын таба берсін. Жылдан – жылға аман - есен, жете берейік. Қош сау болыңыздар!